



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінен

ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және "Қазақстан тарихы" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған құжат.

1. Тест мақсаты: 2-курс студенттерінің «Қазақстан тарихы» пәнін меңгеру деңгейлері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу.

2. Тест құрылымы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде – 30%, орташа деңгейде – 50%, жоғарғы деңгейде – 20%.

Базалық деңгей қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды (маңыздылық); белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді (интерпретация); ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді (себеп-салдар); тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді (өзгеріс пен сабақтастық);

Орташа деңгей белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады (ұқсастық пен айырмашылық); сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді (сабақтастық пен өзгеріс); сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды (сабақтастық пен өзгеріс); тарихи айғақтарды (деректерді), мысалы: аудитория, мақсаттары, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст талдау негізінде дәйекті қорытынды жасайды (дәлел келтіру); тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді (себеп және салдар) бір немесе бірнеше себептердің және немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды (себеп және салдар); қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды (маңыздылық);

Жоғары деңгей сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды (сабақтастық пен өзгеріс); бір немесе бірнеше себептердің және немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды (себеп және салдар); тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін бағалайды (себеп және салдар) өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, кей кезде қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді (дәлел келтіру). Белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды бағалайды (интерпретация).

талдайды, мысалы: аудитория, мақсаттары, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст (дәлел келтіру).

Тест екі бөлімнен тұрады. Тапсырмалардың жалпы саны – 15.

Бірінші бөлімде берілетін контекст саны - 2. Контекст бойынша берілетін тест тапсырмасы – 5. Тест тапсырмасының формасы – бір дұрыс жауапты.

Екінші бөлім бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасынан тұрады.

3. Тест мазмұны

Тест мазмұны «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасын меңгеру талаптарын бағалауға бағытталған.

№	Тарау	№	Бөлімше	№	Тақырып
01	Өркениет: даму ерекшеліктері	1	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. «Ұлы Дала» өркениеті	01	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азия өркениеттерін зерттеу, өркениеттердің пайда болу факторы, ежелгі ошақтары.
				02	Ұлы Дала ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті
				03	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі
02	Этникалық және әлеуметтік процестер	2	Қазақ халқының шығу тегі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	01	Қазақстандағы (ежелгі, түркі, моңғол дәуіріндегі) этногенез және этникалық процестер. Мәдени-генетикалық код.
				02	Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары. Ру-тайпалық-құрылымы. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері.
03	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	3	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	01	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы, саяси құрылымы.
				02	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі.
				03	Түрік империясының мұрагерлері.
				04	Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғыс ханның дүниежүзілік тарихтағы рөлі.
		4	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	01	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі. Қазақ хандығының құрылуы – тарихи үдерістердің заңды нәтижесі.
				02	Қазақ хандарының Қазақ хандығын құру мен нығайтудағы рөлі
				03	Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары. Қазақ жерін қорғаудағы ата-бабалардың рөлі

		5	Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы	04	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі
				05	Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Мемлекеттік стратегиялар және Қазақстан Республикасының даму бағдарламалары
04	Мәдениеттің дамуы	6	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы	01	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. Тарихи және мәдени ескерткіштер. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы.
		7	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	01	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер. Қазақстанның кеңестік кезеңдегі мәдениеті. Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы.
05	Өркениет: даму ерекшеліктері	8	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі	01	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы. Қолөнер мен кәсіптер
		9	Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	01	XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы. Қазақстан Республикасының экономикасының дамуы. Экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуы мен өзара әсері
6	Саяси-құқықтық процестер	10	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	01	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы). Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы
		11	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	01	Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі
07	Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	12	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы	01	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы.
				02	"Зарзаман" ағымы өкілдерінің

				идеологиялық құндылықтары. ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары
		13	«Алаш» –қоғамдық ой және ұлттық идея. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы - ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	01 "Алаш" ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. "Алаш" қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары
08	Білім мен ғылымның дамуы	14	Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы	01 Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы
		15	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы. Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі	01 XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылым. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары. Қазақ КСР Ғылым Академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы. Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша 2-курс студенттері:

1) отан тарихы кезеңдерін; Қазақстан тарихының ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі негізгі оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; отан тарихында маңызды рөл атқарған тарихи қайраткерлерді; тарихи даму барысында қалыптасқан ұлттық мәдениеттің маңызды жетістіктерін; тарих ғылымының базалық ұғымдарын; тарихи деректердің түрлерін біледі;

2) тарихтың барлық кезеңдері бойы отан тарихының дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің мәнін; Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының сипатты белгілерін; заманауи қоғамдық процестердің тарихи шарттылығын, адамзаттың мәдени әртүрлілігін; Қазақстанның тарихи жолының ерекшеліктерін, әлем тарихындағы оның рөлі мен орнын; отан тарихындағы көрнекті тұлғалардың рөлі мен орнын; өзін Қазақстан Республикасы азаматы ретінде сезінуі нысанында азаматтық және ұлттық біртектілігін; отан тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, адам құқығы мен бостандығына, қоғам өмірінің демократиялық қағидаларына құрметпен қарау қажеттігін түсінеді;

3) тарихи ойлау дағдыларын: өмірлік міндеттер мен мәселелерді шешу үшін; тарихи картадағы өзгерістерді, түрлі объектілердің орналасқан жерін анықтау кезінде; тарихи тұлғаларды, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді салыстыру кезінде; Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын сипаттау кезінде; тарихи негізіне сүйене отырып, заманауи өмірдің құбылыстарына қатынасы бойынша өз ұстанымын анықтау кезінде; тарихи материалдармен жұмыс кезінде алынған білімді, білікті және дағдыны қолданады;

4) себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді; жалпы сипатты белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып, Қазақстанның тарихи дамуын; тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін; тарихи параллель өткізу жолымен Қазақстанның даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін; проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін

түрлі тарихи дереккөздерді; бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды; түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды талдайды;

5) жалпы заңдылықтарды анықтай отырып, тарихи құбылыстардың, процестердің сипатты белгілерін жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау үшін түрлі дереккөздердегі ақпараттарды; қоғамда болып жатқан қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін тарихи мәліметтерді жинақтайды;

5. Тест тапсырмаларының бағалануы

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Максималды бастапқы балл	
			Бір тест тапсырмасы үшін	Жалпы тест үшін
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	1	10
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
Барлығы:		15		20

6. Тест тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты (мин)	Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт (мин)
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	3*	30
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
Барлығы:		15		40

түрлі тарихи дереккөздерді; бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды; түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды талдайды;

5) жалпы заңдылықтарды анықтай отырып, тарихи құбылыстардың, процестердің сипатты белгілерін жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау үшін түрлі дереккөздердегі ақпараттарды; қоғамда болып жатқан қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін тарихи мәліметтерді жинақтайды;

5. Тест тапсырмаларының бағалануы

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Максималды бастапқы балл	
			Бір тест тапсырмасы үшін	Жалпы тест үшін
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	1	10
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
Барлығы:		15		20

6. Тест тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты (мин)	Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт (мин)
I бөлім	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	2	20
II бөлім	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	2	10
Барлығы:		15		30